

**Г.Мәсәлімов атындағы орта мектебі бойынша
2020-2021 оқу жылындағы мектеп психологтарының
жылдық жұмыс есебі**

2020-2021 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ көптеген жұмыстардың атқарылғандығын көрсетеді. Жыл басында жылдық жоспар жасақталып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек айында балалармен бейімделу кезеңінен өтуіне байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек, қазан, сәуір және мамыр айларында оқушыларды диагностикалап, коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Ағартушылық жұмыс айлық жоспар негізінде жұмыстар атқарылды. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушыларға диагностикалық карталар жасақталып, психологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1-5 сынып оқушыларының даму деңгейі мен психологиялық дайындығын анықтау мақсатында сауалнамалар мен тренингтер жүргізіліп, оларға тиісінше ақыл-кеңестер берілді. 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындау, оған дайындалу жолдары, оқушыларда стресс деңгейін анықтау мақсатында көптеген сауалнамалар жүргізіліп, психологиялық дайындығын анықтауда тестілер өтті. «Актілек» жаттығуы, «ҰБТ-ге балаға қолдау көрсету» ата-аналарға психологиялық кеңес, «Менің жақсы қасиеттерім» тренингі өтті және «ҰБТ-ге сеніммен кіру» тақырыбында психологиялық кеңес берілді. Қыркүйек айында 9 сынып оқушыларының мамандық бағдарын анықтау, қазан айында 5 сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі) мектеп оқушыларының мектепке бейімділігін зерттеу (1-5-8) мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (тест, зерттеу жұмыс), қараша айында танымдық процестерін диагностикалау (2-3), желтоқсан айында оқушылардың темпераментін анықтау, мектеп басшыларын педагогикалық-психологиялық тұрғыда диагностикалау, қызығушылық картасы (6-7), қаңтар айында мектепте буллизмнің деңгейін бар-жоғын анықтау, дарынды балаларды анықтау, ақпан айында оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау, оқушыларға проактивті әдістер арқылы зерттеу жүргізілді. Наурыз айында оқушылардың қызығушылығын, мотивациясын анықтап, 9 сынып оқушыларын мамандық таңдауға бағытталды. Қараша айында онлайн жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы, мұғалімдерді оқыту, сынып ұжымы арасындағы жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында оқушылармен тренинг жүргізілді. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағытында 7-8-9-10-11 оқушыларына сауалнама жүргізілді. Бала құқығына байланысты ZOOM платформасында мектеп инспекторы, мектеп медбикесі және клиника дәрігерімен кездесу өтті. «Зорлық-зомбылық қол сұғушылықтың алдын-алу жұмысын ұйымдастыру жолдары» тақырында ZOOM платформасы арқылы ата-ана және оқушы арасында жиналыс өтті. Жоғары сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықсыз әлем» атты түсінік жұмыстары жүргізіліп, соңы тренингке ұласты. «Кибербуллингтің салдары қандай?» тақырыбында онлайн түсінік жұмыстары жүргізілді. Мектеп мұғалімдеріне психологиялық «Бұйыру немесе бағыну» тақырыбында тест өткізілді. Жас педагогтарға психологиялық кеңес беріліп, «Жылы жүрек» тренингі өтті.

Мектеп педагог-психологтарының ұйымдастыруымен, мектептің тәрбие ісінің меңгерушілері, мектеп медбикесі, сынып жетекшілермен, жоғары сынып қыз балаларымен «Қыз ынабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» тақырыбында қыз балалар арасында кеңестер және «Білгеннен білмегенім көп» тақырыбында қыз балалармен ой бөлісіп, өз пікірлерін ортаға салды. Психологиялық кеңесте ауылдық бас дәрігері Күләш Қартеменқызы кәмелет жасқа толмағандар арасында ерте жүктілікті болдырмау туралы көптеген кеңестер мен ақпараттар айта келе, ол адамның психологиясына, физиологиясына кері әсерін тигізетіндіктен, алдын алу шараларын барынша қолға алып, дұрыс ақпараттандыру жұмыстарын қарқынды жүргізу керек екенін, жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылатындығын қыз балаларға түсіндіріп жеткізді. «Қашықтықтан оқыту кезінде оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы» тақырыбында өзін-өзі тану, түсіну, ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлей білу білігін дамыту, өзара жағымды қарым-қатынас арттыру мақсатында мұғалімдер чатына, оқушылар чатына онлайн слайд үнемі жіберіліп отырды.

Мектебімізде арнаулы сыныпта оқитын, атап айтқанда 4 «в» сыныбында- 5 оқушы оқиды, 9-сыныпта- 3 оқушы, үйден оқитын- 1-сыныпта- 1 оқушы, 7-сыныпта-1 оқушы, 10-сыныпта- 1 оқушы бар.

ОПМПК-ның шешімімен арнаулы сыныптағы оқушылар:

Ақылбекұлы Муслим 16.05.2013 -1-сынып

Диагноз: Интеллектуальная норма. Нарушение опорно-двигательного аппарата: самостоятельно не передвигающийся, требует помощи сопровождающего лица.

Шалқарқызы Құндыз- 05.11.2013 2-сынып

Диагноз: Общее недоразвитие речи 3 уровня, с преобладанием ФФН. Нарушение письма и чтения.

Арслан Жарас Шалқарұлы-18.07.2012-3-сынып,

Диагноз: Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи 3 уровня, с преобладанием ФФН. Нарушение письма и чтения.

Сергей Гүлім Маратқызы- 18.12.2011-3-сынып,

Диагноз: ЗПР церебрально-органического генеза. Общее недоразвитие речи 2-3 уровня...

Қайырлы Мирдан Есетұлы- 14.07.2010-4-сынып

Диагноз: ЗПР церебрально-органического генеза. Врожденный гипотиреоз. Диффузный зоб. Нарушение письма и чтения.

Берікбай Серікжан Уалитханұлы 23.09.2011- 4-сынып;

Диагноз: ЗПР церебрально-органического генеза. Нарушение письма и чтения.

Жалпы сыныпта оқитын 3 «б» сыныбында-1 оқушы,

Жұмабай Асанәлі Бекболатұлы 12.09.2011

Шаймардан Ризабек Шаймарданұлы 24.12.2015- 7-сынып

Диагноз: Умеренное нарушение интеллекта. Общее недоразвитие речи 2 уровня, обусловленное нарушением познавательной деятельности.

Сәрсенгали Саят Саулетұлы 07.07.2009- 7-сынып

Диагноз: Рекомендации по обучению и воспитанию, психолого-педагогической поддержке.

Нұрланұлы Диас 31.05.2006- 9-сынып

Рекомендации по обучению и воспитанию, психолого-педагогической поддержке.

Хисым Алпамыс Жанболатұлы 20.12.2006- 9-сынып

Рекомендации по обучению и воспитанию, психолого-педагогической поддержке.

Сатымғалиев Мұрат 24.03.2004- 10-сынып

Диагноз:Задержка психического развития. Нарушение опорно-двигательного аппарата, передвигающийся с помощью специальных средств передвижения. Нарушение письма и чтения.

Ақылбекұлы Муслим сабаққа зейін қоюы жақсы, берілген тапсырманы анасының көмегімен орындайды, сұрақтарға жауап береді, психологиялық тұрғыда ой-санасы, ойлау қабілеті дамыған, аяқ-қолының дұрыс икемге келмеуіне байланысты ұзақ жаза алмайды, мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы, мұғалім мен байланысы анық және нақты, сандарды өздігінен санап, бір таңбалы сандарды қоса біледі, әріптерді толық біледі, бірақ ұмытып қалады, суретті өздігінен сала алмайды, мұғалім көмегіне жүгінеді, жануарларды өздігінен ажырата алады, жыл мезгілдерін біледі.

Шалқарқызы Құндыз Қыркүйек айындағы оқу деңгейімен салыстырғанда қазіргі деңгейінде бірқатар ілгерлеушілік байқалады.Қазақ тілі сабағынан дыбыс туралы түсінігі қалыптаспаған, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратпайды, сөздерді буынға бөле алмайды, сөзге дыбыстық талдау жасауды меңгерген жоқ. Әріптердің бәрін танымайды, оқи алмайды. Каллиграфиясы нашар, жолмен жазуды меңгермей келеді.Әдебиет пәнінен үлгерімі орташа. Оқи алмайды, мазмұндап айта алмайды. Сурет бойынша сөйлем құрастырып , оларды анық айтуға үйреніп келеді. Математикалық түсініктер қалыптаспаған, 1 сынып бағдарламасын орындай алуға мүмкіндігі келмейді. Қарапайым бастуыш сынып бағдарламасы материалдарынан екі таңбалы сандарды айта алады.Есептерді ересектердің көмегімен де шығаруы қиын. Логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды мүлде орындай алмайды. Сыныптастарымен қарым –қатынасы жақсы.Өзіне өзі қызмет көрсетуі де жете дамымаған. Оқушының ата – анасымен үнемі байланысып отырамыз.

Арслан Жарас көңіл-күйі өте жоғары, сабаққа белсенді, қабылдауы тез болғанмен ұмытып қалады, мұғалім көмегімен жасайды, көрнекілік арқылы түсінеді, өз мүмкіншілігіне қарай оқу мен жазуды үйренуге, орындауға тырысады. Қазіргі таңда тіл дамуы біршама жетілді, белсенді сөздік қоры көбейді . Фонетикалық түсініктері толық қалыптасқан жоқ. Әдебиет пәнінен үлгерімі орташа. Буындап оқиды , мазмұндап айта алмайды. Қазақ тілі пәнінен өтілген тақырыптарды меңгеруі қиын, грамматикалық тапсырмаларды ересектердің көмегімен орындай алмайды. Каллиграфиясы нашар. Математика сабағынан алғашында сан танымайтын еді , тиімді әдіс -тәсілдерді қолдану нәтижесінде қазір 100-ге дейін өздігінен санай алады. Есептерді ересектердің көмегімен шығара алмайды. Логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды орындауы қиын. Көбейту таблицасын білмейді.Көркем еңбек сабағына ермексазбен жұмыс, суреттерді бояу қоршаған ортамен қарым – қатынасына қызығушылығы жақсы. Берілген тапсырмаларды жүйелі және тиянақты орындайды.Қазіргі уақытта сабақ үстінде көңіл күйі жақсы , сыныптастарымен қарым –қатынасы жақсы Тапсырмалары оқу мақсатына сәйкес

жеңілдетілген түрде өткізіледі. Танымдық аймағы қалыптасуда, айналадағы қоршаған орта туралы білімі толығуда. Ой әрекеті, зейіні дамуда. Есте сақтауы да біршама жақсарды. Оқушының ата – анасымен үнемі байланысып отырамыз.

Сергей Гүлім жалпы өзін өте көңілді ұстайды, күліп жүреді, мінезі-шапшаң, кимыл-қозғалысы ширақы, сурет салуға өте бейімді, қызыққан жұмысына бар ынтасын салып жасайды, қай нәрсеге де мұғалім көмегіне жүгінеді. Тіл дамуы біршама жетілді, белсенді сөздік қоры көбейді. Фонетикалық түсініктері толық қалыптасқан жоқ. Әдебиет пәнінен үлгерімі орташа. Оқи алмайды, мазмұндап айта алмайды. Қазақ тілі пәнінен өтілген тақырыптарды меңгеруі қиын, жатқа жазуды көптеген қатемен жазады, грамматикалық тапсырмаларды ересектердің көмегінің орындай алмайды. Каллиграфиясы түзелуде. Математика сабағынан алғашында сан танымайтын еді, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде қазір 10-ға дейін өздігінен санай алады. Есептерді ересектердің көмегінің шығара алмайды. Логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды орындауы қиын. Көбейту таблицасын білмейді. Көркем еңбек сабағына ермексәзбен жұмыс, суреттерді бояу қоршаған ортамен қарым-қатынасына қызығушылығы жақсы. Қазіргі уақытта сабақ үстінде көңіл күйі көтеріңкі, сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы. Тапсырмалары оқу мақсатына сәйкес жеңілдетілген түрде өткізілуде. Танымдық аймағы қалыптасуда, айналадағы қоршаған орта туралы білімі толығуда. Ой әрекеті, зейіні дамуда. Есте сақтауы да біршама жақсарды. Өзіне өзі қызмет көрсетуі дамыған, ұқыпты.

Қайырлы Мирдан салмақты, орнықты, ортада өзін ұстап біледі, көп сөйлемейді, берген тапсырманы өздігінен орындауға тырысады, спорттық ойындарды, сурет салғанды, суретке карап әңгімелегенді ұнатады. Қыркүйек айындағы оқу деңгейімен салыстырғанда қазіргі деңгейінде бірқатар ілгерлеушілік байқалады. Әдебиет пәнінен үлгерімі жақсы, сөздерді қосып оқиды. Оқу шапшаңдығы өсіп минутына 40-45 сөз оқиды. Оқыған мәтінінің мазмұнын айтып беруге тырысады. Қазақ тілі пәнінен өтілген тақырыптарды меңгеріп келеді, көшіріп жазады. Каллиграфиясы нашар сол қолмен жазады., Математика пәнінен білімі төмен, бастуыш сынып бағдарламасы материалдарынан екі-үш таңбалы сандармен амалдар орындайды. Логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды орындауы қиын. Көбейту таблицасын толық білмейді. Бақылау жұмыстарын қанағаттанарлық емес бағамен орындайды. Есте сақтауы да біршама жақсарды. Сабақ кестесі мектеп әкімшілігі бекіткен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Тапсырмалары оқу мақсатына сәйкес жеңілдетілген түрде өткізілуде. Мирданның жалпы сабаққа қатысы жақсы.

Берікбай Серікжан оқушылармен қарым-қатынасы жақсы, оқу үлгерімі жақсы, сыныпта өзін жақсы ұстайды, тапсырманы өздігінен орындайды, тапсырмаларды орындау барысында өз бетінше еңбек етуге қабілеті жоғары, берілген тапсырмаларды жүйелі және тиянақты орындайды.

Қыркүйек айындағы оқу деңгейімен салыстырғанда қазіргі деңгейінде бірқатар ілгерлеушілік байқалады. Сөздерді қосып оқиды, алайда көптеген қателер

жібереді, кейде әріптерді тастап кетеді, кейде ауыстырады. Оқу шапшандығы өсіп минутына 20-25 сөз оқиды. Оқыған мәтінінің мазмұнын айтып беруге тырысады, алайда есіне сақтай алуы қиын. Оқушының сөздік қоры біршама өсті. Дыбыстық талдау жасай алады, кейде шатастырады, кателер жібереді, жатқа жазуды катемен жазып, грамматикалық тапсырмаларды орындауы қиын. Қазақ тілі пәнінен өтілген тақырыптарды түсініп, меңгеруге тырысады. Сөз таптары, сөз құрамы туралы түсініктері бар, алайда толық қалыптаспаған. Берілген сөйлемге дыбыстық талдау жасай алмайды. Қазақ тілі пәнінен берілген жаттығуды көшіріп жазады, ал тапсырмасын орындай алмайды. Каллиграфиясы жақсы. Көшіріп жазуда, жатжазуда кателер жібереді. Шығарма, мазмұндама жазуға қиналады. Сурет бойынша сөйлем құрастырып, оларды анық айтуға үйреніп келеді. Математика пәнінен білімі төмен, бастуыш сынып бағдарламасы материалдарынан екі-үш таңбалы сандармен амалдар орындайды. Көбейту таблицасын толық білмейді. Көркем еңбек сабағынан сурет салғанды, ермексазбен жұмыс жасағанды қызығушылықпен орындайды. Қызығушылығы ән айтқанды жақсы көреді. Сабақ кестесі мектеп әкімшілігі бекіткен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Тапсырмалары оқу мақсатына сәйкес жеңілдетілген түрде өткізілуде. Серікжанның жалпы сабаққа қатысы басқа оқушыларға қарағанда жақсы. Танымдық әрекетке қызығушылығы, білімге деген ұмтылысы, ынтықасалған білімін жинақтай алу қабілеті мен қорытынды жасай алуы, ойлауы, икемділігі, тақырыпты меңгеру, есте сақтау қабілеттері, жекелеген мүмкіндіктері және сөйлеу мәдениеттілігі жақсы қалыптасқан. Сонымен қатар тапсырмаларды орындау барысында өз бетінше еңбек етуге қабілеті жоғары. Берілген тапсырмаларды жүйелі және тиянақты орындайды. Оқушының ата – анасымен үнемі байланысып отырамыз.

Жұмабай Асанәлі пікірлесу барысында оқушының көңіл-күйі жоғары, жеке жұмыс жасағанда адаммен тіл табысуы жоғары, мұғаліммен байланысы жақсы, сабақты ұқыпты тыңдауының белгісі пән мұғалімінің нәтижелі жұмыстарының арқасы деп білемін, мектеп психологтары үнемі ата-анамен, оқушымен үнемі тығыз байланыста. Оқу үлгерімі жақсы, сөзді бір-біріне қосып оқиды, көбейту таблицасын біледі, оқушының қазіргі кезде көп ілгерілеушілік бар. Ойын еркін айтады, түсінігін толық айтады, сынып жетекшісі оқушымен тікелей жұмыс жасайды, үнемі мектеп психологінің бақылауында.

Шаймардан Ризабек бауырмашыл, кез-келген жаңа ортаға бейімделгіш, қарым-қатынасшыл, сыныпта ортасымен тез тіл табысады. Үлкен кісілердің айтқанын орындайды, үнемі жақсы көңіл-күйде жүреді, берілген тапсырманы тез бітіруге тырысады, ойын-жаттығуды, тренингті өз бетінше орындайды, пән мұғалімдерімен жақсы қарым-қатынас жасайды, сурет салғанды ұнатады, көрнекілік арқылы түсінеді, пішіндерді ажыратады, бірақ оқу-жазуға келгенде ата-ана көмегіне жүгінеді. Психолог үнемі аптаның бір күнін осы оқушыға арнайды. Ризабек сабақта аң-құстарды, ауа-райы құбылыстарын, жыл мезгілдерін ажырата алады, 1-ден 20-ға дейін санайды, әріптерді өздігінен таниды, жүргізіп оқи алмайды, ермексазбен, ұсақ моторикамен жұмыс жасағанды ұнатады, сурет салғанды қатты ұнатады, суретке құлшынысы жоғары, тапсырманы көбіне ата-ананың көмегімен орындайды.

Сәрсенғали Саят жайлы, орнықты оқушы, кісімен тез тіл табысады, психологиялық тренингтерге, ойын-жаттығуларға белсенді қатысады, өз ойын еркін айтады, әр нәрсеге шыдамдылық таныта біледі, қазіргі уақытта сабақ үлгерімі жақсы, психолог қазіргі таңда оқушымен жеке жұмыс жасау үстінде.

Есепті мұғалім көмегімен шығарады, оқуы баяу, сабаққа ынтасы бірде жақсы, бірде нашар.

Нұрланұлы Диастың қарым-қатынас жоғары, кез-келген ортаға тез бейімделеді, адамды жатырқамайды, үнемі жақсы көңіл-күйде жүреді, психологиялық сауалнамаларға, сұрақтарға өз ойын ашық айта біледі, оқуы жақсы, өздігінен оқып біледі, каллиграфиясы жақсы, әдебиеттен өздігінен түсінігін айтады, математикадан пән мұғалімінің көмегімен шығарады, сабақ үстінде калькуляторды жиі пайдаланады.

Хисым Алпамыс эмоцияға тез берілгіш, қимыл-қозғалысы шапшаң, көңіл-күйі өте жоғары, өзіне ұқыпты қарайды, ойын еркін айта біледі, өз мүмкіншілігіне қарай психологиялық тренингтерге, ойын-жаттығуларға белсенді қатысады, өзімен жеке жұмыс жасағанды ұнататын оқушы. Сабаққа ынтасы нашар, мұғалімнің көмегімен отырады, математикадан көбейту кестесін білмейді.

Сатымғалиев Мұрат пен мектеп психологтары осы күнге дейін тығыз байланысты, ата-анасымен жиі сөйлесіп тұрамыз, бойындағы мінезі, эмоциясы жай, қимыл-қозғалысы толқымалы, жанұясындағылармен толық тіл табыса біледі, берген тапсырманы өздігінен орындайды, кей уақытта ата-ана көмегіне, мұғалім көмегіне жүгінеді. Бұл оқушыға психологиялық қолдау үнемі беріліп отырады, психологтармен өз ойын ашық айта біледі. Қабылдауы жай, тапсырманы ертегі түрінде қабылдайды, жазуға ерінеді, сабақты мұғалім көмегімен оқиды. Физикадан демонстрациялық қарапайым тәжірибелерге қызығады, сабақты видео арқылы көргенді ұнатады, жазуға, тапсырма орындауға ерінеді, денсаулығына байланысты тез шаршайды, ауызша түсіндіргенді жақсы көреді, жазғанды ұнатпайды. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері, мектеп психологтары үнемі жұмыс жасауда. Жалпы мектебімізде мұғалімдер мен толықтай қамтамасыз етілген. Осы оқушыларға арнайы дефектолог, логопед, психолог кабинеттері қарастырылмаған.

2020-2021 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар легі жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді.

Мектеп психологтары: Г.Еспусинова
Б.Тауманова





